



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2021 жылғы 5–8 қаңтар аралығында жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2021 жылғы 11 қаңтар

Сауда-саттықтың қорытындысы бойынша 8 қаңтарда **теңгенің нарықтық бағамы** кезең ішінде 0,5%-ға (420,91-ден) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 418,96 теңге деңгейінде қалыптасты.


Сыртқы валюта нарығында 2021 жылғы 5 – 8 қаңтар аралығындағы кезеңде дамушы елдер валюталарының серпіні әртүрлі бағытта болды. Джорджия штатындағы сайлау нәтижелері бойынша демократтар АҚШ Сенатында көпшілік дауысқа ие болды. АҚШ президенті Д. Трамп елде Қытайдың 8 қосымшасын қолдану арқылы транзакциялар жүргізуге тыйым салатын жарлыққа қол қойды. АҚШ-тың қазіргі президентін жақтаушылар АҚШ Конгресінің ғимаратында тәртіпсіздіктер жасады.

Дамушы елдер валюталарының¹ АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты:


- **түрік лирасы** Орталық Банктің пайыздық мөлшерлемелерін арттыру сериясынан кейін бейрезиденттердің жергілікті нарық акциялары мен облигацияларына салымдарының ұлғаюы аясында 0,5%-ға (7,39-дан 7,35-ке дейін) нығайды;
- **Ресей рублі** мұнай бағасының өсуі аясында 0,2% ға (74,21-ден 74,06-ға дейін) нығайды;
- **үнді рупиясы** мұнай бағасының өсуі аясында 0,1%-ға (73,18-ден 73,25-ке дейін) әлсіреді;
- **Индонезия рупиясы** тәуекел-сентименттің нашарлауы және АҚШ доллары бағамының нығаюы Азия өңіріндегі өндірістік белсенділіктің қалпына келу белгілеріне қарамастан (PMI желтоқсанда Жапонияда, Тайваньда және Оңтүстік Кореяда жақсарғаны байқалады) 0,8%-ға (13 915-тен 14 020-ға дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** АҚШ-тағы тәртіпсіздіктер аясында 0,6%-ға (19,9-дан 20,02-ге дейін) әлсіреді;
- **Оңтүстік Африка ранды** елдегі күрделі эпидемиологиялық жағдай аясында 2,0%-ға (15,0-тен 15,3-ке дейін) әлсіреді. Ауырғандар саны 1,15 млн адамға жетті, бұл – бүкіл өңірдегі ең жоғарғы көрсеткіш;
- **Бразилия реалы** Covid-19 жағдайларының ұлғаюына байланысты қосымша шектеу шараларына қатысты қауіптенуден сентименттің нашарлауы аясында 2,7%-ға (5,28-ден 5,42-ге дейін) әлсіреді.

¹АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан неғұрлым көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары



Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (2021 жылдың басынан бастап 2021 жылғы 08 қаңтар аралағында)



Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (2021 жылғы 05 қаңтар - 08 қаңтар аралағында)



Дамушы елдер валюталарының серпіні (2020 жылғы 25 желтоқсан =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпарат БАҚ өкілдері үшін мына телефон арқылы қолжетімді:

+7 (717) 2 775 205

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz